

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Боранбекова Ж.Р.

Boranbekova96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Құндылық мәселесі де адамзатты ықылым заманнан бері толғандырған, оны түрлі ғылым салаларының өзіндік ерекшеліктеріне қарай қолданады. Қазіргі таңда өсіп келе жатқан бастауыш сынып оқушыларының санасын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, біз ұлттық құндылықтарымызбен ғана жер бетіндегі мемлекеттерден ерекшеленеміз. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы тарихқа деген дұрыс ұстаным қалыптастыру негізінде ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртамыз. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туғызады [1].

Демек, қазіргі заманда - жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен, ұлттық санасымен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыру қажет.

Қарастырылып отырған тақырып - адамзат баласының ертеден қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп келе жатқан проблемасы. Отаным, елім, жерім, тілім мен болашағым деп өткен қазақ халқының біртуар ұлдары Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Б.Майлин, т.б. өз ұлтының құндылықтарын дәріштеп, кейінгі өскелең ұрпаққа жеткізу керек екендігін сөзімен де, ісімен де дәлелдеген алаш ұлдары, олар ұлт азаматтығын, оның өркениетті ел болуын көксеп, жастарды елін сүйуге, ұлтын қадірлеуге, Отанын қастерлеуге шақырған. Майдангер жазушылар Б.Момышұлы, Ә.Нұршайықов және Ә.Қалмырзаев, өз шығармаларында Отанын сүюдің өшпес үлгілерін жастарға өнеге етіп көрсете білді. Халқымыздың беделді ақындары М.Мақатаев, О.Сүлейменов, М.Шақанов т.б. шығармаларын нағыз ұлттық құндылықтарды дәріштеуден туындаған жалынды өлеңдер деуге болады. Ал педагогика саласында зерттеулер жүргізген Отандық ғалымдар С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, К.Құнантаева, Шалғынбаева Қ.Қ., Төлеубекова Р.К., Албытова Н.П., Қ.Бөлеев, К.Ж.Қожахметова, Сайлауова Н.С., Омирбаева Г.Ш., Дәуренбаева Ж.А., Кенжебаева Р.Н., Джанабаева Р.А., Сыздықов Қ.Ә., Қалиев Ж.Н., Сламбекова Т.С., Ботабаева Ә.Е., т.б. еңбектерінде ұлттық тәрбие мәселелері қамтылған.

Құндылық мәселесі адамзатты ежелден бері толғандырған. Мәселен, Қорқыт ата, әл-Фараби, Ж.Баласағұнның, М.Қашғари, Қ.Ясауи, т.б. қазақ даласының ойшылдарының еңбектерінде кездеседі. Сондай-ақ келесі ғалым-педагогтардың еңбектерінде де көлемді түрде орын алған, олар: Т.Қ.Ғабитов, Джонисова Г.Қ., С.Ф.Анисимов, А.Г.Здравосмыслов, В.П.Тугарин, В.А.Ядов, т.б.

Қазіргі таңда дүниежүзіндегі халықтар арасында түрлі құндылықтар қалыптасқан, бірақ барлық халық үшін ортақ құндылықтарда бар, олар:

- адамның құқығы;
- адамның өмірі;

- балаларды қорғау;
- жастарға сапалы білім және тәрбие беру;
- патриотизм;
- елдегі бейбітшілік пен тыныштық.

Ал бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік дамытудың, тәрбиелеудің және әлеуметтендірудің негізгі мазмұны мынадай ұлттық құндылықтар болып табылады:

- Патриотизм – өз халқына, Отанға қызмет ету;
- әлеуметтік ынтымақтастық – жеке және ұлттық еркіндік, адамдарға, мемлекет және азаматтық қоғам институттарына сенім, әділеттілік, қайырымдылық, ар-ождан, қадір-қасиет;
- азаматтық – Отанға қызмет ету, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, заң және құқық тәртібі, көпмәдени әлем, ар-ождан және діни сенім бостандығы;
- Отбасы – махаббат пен адалдық, денсаулық, молшылық, ата-анаға, үлкендер мен кішілерге қамқорлық көрсету, рудың жалғасуы туралы қамқорлық;
- еңбек пен шығармашылық – еңбекке құрмет, шығармашылық пен жасампаздық,
- Ғылым – білімнің құндылығы, ақиқатқа ұмтылу, әлемнің ғылыми бейнесі;
- Діндер – сенім, руханилық, адамның діни өмірі, діни дүниетанымның құндылықтары, конфессияаралық диалог негізінде қалыптасатын толеранттылық туралы түсінік;
- өнер және әдебиет – сұлулық, үйлесім, адамның рухани әлемі, адамгершілік таңдау, өмірдің мәні, эстетикалық даму, этикалық даму;
- Табиғат – эволюция, пуған жер, қорық табиғаты, планета Жер, экологиялық сана;
- Адамзат – әлем, мәдениеттер мен халықтардың сан алуандығы, адамзат прогресі, халықаралық ынтымақтастық [2].

Негізгі ұлттық құндылықтар елдің тарихи-географиялық жағдайын, оның көпконфессиялылығы мен көпұлтты болуын ескере отырып, бүкіл отандық тарих бойы қоғамның мәдени дамуы барысында қалыптасты. Жаңа ұрпақ осы құндылықтарды игере отырып, ұлттың рухани тәжірибесін алады, бұл Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етеді және патриотизм мен ұлттық мақтанш сезімін тәрбиелейді. Осыған байланысты мемлекет өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға үлкен көңіл бөледі.

Г.А. Лобанова бастауыш сынып оқушыларының құндылықтарды игеруінің бірнеше сатысының бар екендігін атап өтті:

1. Құндылықтың бар болуы және оны жүзеге асыру шарттары туралы ақпарат беру.

2. Құндылық туралы ақпаратты оқушының өз тіліне аудару – трансформация. Бұл кезеңде оқушылар осы ақпаратқа қызығушылық тудыруы мүмкін, бірақ ол үшін ақпарат оқушының сезіміне әсер етуі, оған эмоциялық әсер етуі тиіс. Осы кезеңде оқушының ұсынылған материалға эмоциялық реакция, құнды объектіні одан әрі тануға ұмтылу түрінде үн қатуы мүмкін.

3. Құндылықты бағалау, оны өз қажеттіліктері мен қызығушылықтарымен уайымдау процесі арқылы салыстыру. Мұнда объектінің маңыздылығы, оның ішінде оқушылар үшін де анықталады. Объект оның танымдық, адамгершілік, эстетикалық және басқа да функциялары тұрғысынан бағаланады. Нәтижесінде бастапқы құндылықты қабылдау орын алады, құндылық маңызды болады.

4. Құндылықтарды таңдау және оларды өз құндылықтар жүйесіне қосу. Бұл кезеңде құндылықтың адамда бар басқалармен арақатынасы жүреді, оны өз іс-әрекеттерінде басшылыққа алу мүмкіндігі анықталады, яғни, қазіргі құндылықтар жүйесіне осы құндылықты қосу немесе қоспауды таңдау процесі орын алуда. Қабылданған құндылық оқушы тұлғасының қызметін реттеушісі болады [3].

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру төмендегілерге ықпал етуі тиіс:

- бастауыш сынып оқушы жасындағы балалардың бойында халқының тарихи жолы мен мәдениетінің дамуы туралы, Қазақстанда тұратын өзге халықтардың ұлттық мәдениеттерінің өзара байланысы мен өзара байытылуы туралы түсініктерді қалыптастыру;

- бастауыш сынып оқушыларының бойында ар-ұждан бостандығы және діни сенім ұғымдарымен, біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастыру және игеру процесінде төзімділік пен мәдениет сабақтастығының құндылығын қабылдауға қатысты мәдениеттер саналуандығының құндылығын меңгерумен байланысты ұлттық салт-дәстүрлер, құзыреттіліктер жүйесін қалыптастыру;

- білім алушылардың бойында этиканың негізгі ұғымдары (өмірдің мәні мен құндылығы, ақиқат пен жалған, жақсылық пен жамандық, адамгершілік таңдау, мейірімділік, әділдік, қадір-қасиет, махаббат және т. б.), мораль, адамгершілік туралы құндылық ұғымдарын қалыптастыру;

- баланың бойында өз халқының, бірге тұратын халықтардың және басқа да Қазақстан халықтарының дәстүрлеріне, мәдениеті мен тіліне құрметпен қарауды қалыптастыру;

- баланың жеке даму жолын анықтау процесінде және әлеуметтік тәжірибеде белсенді өмірлік ұстанымның құндылықтары мен өз халқы мен елінің дәстүрлеріндегі тұлғаның адамгершілік жауапкершілігі туралы түсінікке сүйенетін кешенді дүниетанымын қалыптастыру [4].

Бұл жағдайда бастауыш сынып оқушыларының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша тәрбие қызметінің келесі бағыттары тиімді болуы мүмкін:

- жалпы білім беру мекемелерінің білім алушыларының жалпы мәдениет деңгейін арттыруға бағытталған арнайы жобалар мен бағдарламаларды (мысалы, адамгершілік сабақтарын, «ашық жүрек күндерін» өткізу, белгілі және табысты ғылым (мысалы, әлеуметтанушыларды, психологтарды, педагогтарды, этнографтарды, философтарды және т.б.), мәдениет қайраткерлері, актерлерді, жазушыларды, музыканттарды, журналистерді, қоғам және дін қайраткерлерін, денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері және құқықтық тәртіп өкілдерін шақыра отырып, сыныптарда өткізу;

- қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеуге және ұлттық сипатқа бағытталған арнайы жобалар мен бағдарламалары (бұл жағдайда ерекше әлеуетке – Тәуелсіздік күні, наурыз және т.б. мерекелер ие болады);

- тұлғаның адамгершілік және рухани қалыптасуы процесінде білім алушылардың құрдастарымен өзара іс-қимыл кеңістігін кеңейтуге бағытталған қызықты жобалар (елде (балаларға хат алмасу, ғаламтор арқылы достарды іздеуді ұсынуға болады), әлемде, республикада) [5].

Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың ажырамас бөлігі: театр қойылымдарына (балет, спектакль), кинофильмдерді көру, мұражайларға, көрмелерге және т.б. сияқты іс-шараларға жүйелі түрде барулары тиіс.

Бұл жағдайда шығармашылық қызметтің негізгі мәні бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарды қалыптастыру құралы болып табылады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының бойында ұлттық құндылықты қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі дамыған заманда ұлттық құндылықтарымыз шет қалып қоймасын деп біздің болашағымыз бастауыш сынып оқушыларға отаным, елім, жерім, тілім мен болашағым деп өткен қазақ халқының ақын, жазушыларының шығармаларын, батырларымыздың өмірбаяндарын дәріптеуіміз қажет. Сонымен қатар туған жерге деген патриотизмін ояту керек. Осы арқылы біз бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық құндылықтарымызды дарытамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы <http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy>
2. Елишев, С. О. Изучение понятий «ценность», «ценностные ориентации» в междисциплинарном аспекте [Текст] / С. О. Елишев // Ценности и смыслы. – 2011. – № 2 (11). – С. 82-96.

3. Данилюк, А. Я. Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России [Текст] / А. Я. Данилюк, А. М. Кондаков, В. А. Тишков. – М. : Просвещение, 2009. – 30 с.
4. Асмолов, А. Г. Стратегия социокультурной модернизации образования : на пути к преодолению кризиса идентичности и построению гражданского общества [Текст] / А. Г. Асмолов // Вестник образования. – 2008. – №1. – С. 65-85.
5. Бабанский, Ю. К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе [Текст] / Ю. К. Бабанский. – М. : Просвещение, 1985. – 208 с.